

Бекітемін: *Жура*
№29 «Ай-Керім» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі
К.К.Сейдалиева

«Күз мереке, күз береке»



Ақбота Ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Ж.С.Төлегенова
Г.М.Бесбаева

Шымкент 2022 жыл

«Күз мереке, күз береке»

Залдың іші күз мерекесіне сай безендірілген. Жаймен музыка әуені ойнап тұрады. Балалар тәрбиешімен бірге ортаға билеп келеді. Музыка әуені тоқтаған соң балалар орындыққа отырады.

Әтеш күзгі баққа көңілді кіріп келеді.

Әтеш:- Ой қандай керемет орман да сап сары алтын түске боялғандай. Керемет күз келді тамаша, қамбамыз астыққа толды, бақшамыз жеміс жидекке, көкөніске толды, қандай берекелі еді күз мезгілі.

Жүргізуші: Армысыз әтешжан

Аман есен бармысыз

Қуандырып біздерді

Мерекелді күз келді.

Жүргізуші: Бүгін ертемен күзгі бақта жай жүрсің бе?

Әтеш: бүгін мен үшін ерекше күн болайын деп тұр. Ерте оянып орманға «Ақбота» тобының балалары келе жатыр деген соң қызықтан қалмайын деп әдейі келіп отырмын.

Жүргізуші: Әтешжан біздің балалар сондай әсем, әдемі болып отыр барлығы. Ал балалар ендеше өнерімізді көрсетейік.

Ән: «Кап, кап, кап»

Күз ханшайым музыка әуенімен келеді.

Күз ханша: Армысыздар қонақтар, армысыздар балалар!

Қандай әсем балалар көңіл күйлерің өте жақсы екен.

Жүргізуші: Балдырғандар бүгінгі

Еркелігін тастайды

Күз туралы сіздерге

Тақпақтарын бастайды

Ендеше балалардың күзге арналған өлең жолдарыңды тыңдайық.

1. Күз келді, алақай!

Алтын келді далаға

Дәні биік бидайды.

Құйып жатыр қамбаға.

2. Келді міне алтын күз

Айнала сары түс

Керемет тамаша

Қандай әсем түс

3. Қуандырып біздерді

Мерекелі күз келді

Кел жемісті алтын күз

Кемелденсін халқымыз

4. Қуаныштың ағайын

Қонырауын қағайын

Қуандырып біздерді

Өлкемізге күз келді.

5. Айнала сары ала

Қырманға дән тола

Жемістер пісіпті
Қоймаға түсіпті.

6.:Ендеше не тұрыс
Болмасын жан қалыс
Тойлайық ,күлейік
Қуанып билейік

7.Жемісі мол теретін
Күз дос екен бізбенен.
Бәрін тауып беретін,
Жомарт екен күз деген.

8.Көбейді құт береке
Астық толы қамбамыз.
Құтты болсын мереке
Құтты болсын алтын күз

9.Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді

10.Ән салайық күліндер,
Жайнап гүлдей жүріндер.
Күздің тойын тойлайық,
Би билейік ойнайық.

Жүргізуші: Тыңдаңдаршы балалар, жел соғып жатыр. Қане желмен бірге
үрлейік. (уф-ф үрлейді)

Жүргізуші: Жел болып жапырақтар ұшты,
Қыздардың «**Күзгі жапырақтар**» биін тамашалайық.

Күз ханша: Қандай ақылды қыздар, бәрекелді.

Жүргізуші. Біздің балалардың кезекті орындауында **«Күз келіпті тамаша» әні**

Әтеш: Жарайсыңдар кішкентайлар! Сендермен мент қызықты ойын ойнағым келіп
тұр. Ойынның аты: «Кім тығылды» Ойнаймыз ба?

Балалар: Ия

Жүргізуші: Әтешжан біздің балалардың көңілдерін көтеріп жібердің жарайсың,
балалардың өнерін әрі қарай тамашалайық .

1. Алтын, сары, қызыл көк,
Алуан, алуан жапырақ.
Күзгі бакта күлімдеп ,
Көз тартады атырап.

2. Сап –сары манай,
Сап сары тоғай
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.

3. Жапырақ ұшты,
Суықта та түсті,
Сонда да бізге,
Қызық көп күзде.

4. Күзім –ау, күзім-ау,

Мінезін бұзық-ау.
Жаңбырың сіркіреп
Келгенің қызық-ау.

5.Күзім,күзім,күзім,
Пісті алма, жүзім.
Тұрғанда бәрін күз беріп
Кел алайық біз теріп.

6.Күздің қазан айында
Алма ,алмұрт піседі,
Жапырақтар сарғайып
Сыбдыр сыбдыр етеді

Күз ханша:Бәрекелді сендер өнерлі балалар екенсіңдер мына көкөністер қандай әдемі, сендердің қандай өнерлерің бар?

Би: «Көкөністер»

Әтеш: Күз ханша мына балалардың өнерлеріне тәтті болдық ,балаларға арнаған күзгі сыйыңызды біз де күтіп отырмыз.

Күз ханша: Әрине балаларға арнаған сыйлықтарым бар.Сендер өте өнерлі ақылды екенсіңдер:

Астық жеміс береке

Барымды мен сыйлаймын

Менде көп ақ мереке

Барлығыңды қимаймын -деп балаларға ,түлкі мен қоянға алма таратады.

Әтеш:Міне біздің күзден алар бағымыз,

Көңіл кілтін адалдықпен табамыз

Әр мереке жолықтырсын аман-сау

Күз кешінің шымылдығын жабамыз

